

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚҰРАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Есиркепов Ж.М.¹ , Ермаханов Б.Ө.^{2,*} , Маханбет Е.Т.³ 

¹Халықаралық туризм және меймандостық университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

³Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Қазақстан Республикасы, Ақтау қ.

*e-mail: zhandos-1978@mail.ru, baglan0989@gmail.com, yerzhan.makhanbet@yu.edu.kz

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – қазақ халқының ежелгі эпостық жырларының бірі «Қобыланды батыр» жыры негізінде өскелең ұрпақты патриотизмге, батырлық рухқа тәрбиелеу. Зерттеу идеясы – Қобыландының батырлық тұлғасы арқылы ерлік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, табандылық сияқты қасиеттерді жастардың бойына сіңіріп, оларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу. Негізгі бағыт – жыр мәтініндегі дене тәрбиесі құралдарын ғылыми-педагогикалық тұрғыда жүйелеу, тәрбиелік мәнін ашып көрсету. Ғылыми маңыздылығы – «Қобыланды батыр» жырының көркемдік маңызын ғана емес, сонымен қатар дене тәрбиесіне қатысты ұғымдар негізінде жас ұрпақтың ойлау қабілетін дамытудағы оның ішкі мазмұнының әлеуетін көрсету. Практикалық маңыздылығы – жырдағы мергендік, шабандоздық, жылдамдық, төзімділік, балуандық, қайсарлық, ептілік сияқты дене тәрбиесіне қатысты ұғымдарды талдай отырып, оларды оқу-тәрбие үдерісінде қолданудың тетіктерін ұсынуда. Зерттеу кезінде мәтіндік талдау, салыстырмалы талдау, сауалнама жүргізу әдістері пайдаланылды. Жыр мазмұны құрылымдық және семантикалық тұрғыдан зерттеліп, ондағы дене тәрбиесіне қатысты ұғымдар жинақталып, олардың жастарды тәрбиелудегі ықпалы мен педагогикалық маңызы анықталды. Зерттеу нәтижесінде «Қобыланды батыр» жырының жастарды ұлттық рухқа, батырлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеуде маңызды орын алатындығы дәлелденді. Батырдың биік тұлғасы арқылы жастар арасында оқу-тәрбиелік жұмысты жүйелі жүргізу – оқушылардың бойында Отанды қорғаудың ұлттық рухын оятып, ұлттық мінез-құлық пен ар-намысты қалыптастыруға ықпал ететіндігі анықталды. Қорытындысында, Қобыланды батыр жырын – дене тәрбиесінің тиімді құралы ретінде оқу-тәрбие үдерісінде қолдану ұсынылды. Зерттеудің мәні – «Қобыланды батыр» жырының мәтінін терең зерделеу негізінде халық ауыз педагогикасындағы дене тәрбиесіне қатысты ұғымдардың тәрбиелік мәні айқындалды. Бұл зерттеу арқылы Қобыланды батыр жыры халықтың бай мұрасы ғана емес, жас ұрпақтың бойында ұлттық рухты, батырлық болмысты, жауынгерлік дайындықты дарытуда орасан зор тәрбие құралы екендігі ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негізделді. Зерттеудің практикалық маңызы – зерттеу барысында ұсынылған әдіснамалық және мазмұндық бағыттар оқу орындары мен білім беру ұйымдарында, Отансүйгіштікке бағытталған кешенді іс-шараларда, дене тәрбиесі сабақтары мен спорттық үйірмелерде тиімді қолдануға болады. Сонымен қатар, «Қобыланды батыр» жырындағы дене тәрбиесі құралдарын пайдалана отырып, өз елін шынайы сүйетін, салт-дәстүрі мен мәдениетін құрметтейтін тұлғаны тәрбиелеуге зор үлес қосуға ықпал етеді.

Кілт сөздер: Отансүйгіштік, тәрбие, дене тәрбиесі, батырлық, адамгершілік, мергендік, ұлттық ойындар, дене қасиеттері, денсаулық пен амандық.

Кіріспе

Қазақ халқының ұлттық спорт түрлері мен ойындарының шығу тарихы мен қалыптасуын зерттеуде міндетті түрде ауыз әдебиетіне сүйенбей өтпейміз. Осы тұрғыда, халық жазушысы Сәбит Мұқанов қазақ жастарымен кездесуінде: «Біздің фольклорымызда көп нәрсе жатыр. Халық тұрмысының қай қырын зерттейік, фольклорға соқпай өте алмаймыз. Соны оқыңыздар. Ауыз әдебиетінде сарқылмайтын мол қазына, таңғажайып дүниелер бар», – деп, ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі алатын орнына айрықша мән беріп өтеді [1].

Біздің зерттеу нысанымызда қазақ халқының дене тәрбиесі де, фольклоры да кеңінен қамтылып, жан-жақты зерттеледі. Онда кездесетін палуандар күресі, ат жарысы, батырлар

сайысы, мергендік, әпжілдік, аңшылық, ат баптау сынды өнерлер мен ақ сүйек, асық, алтыбақан сияқты ұлттық ойындарды тек көңіл көтеріп, уақыт өткізудің құралы емес, жастардың денесін шынықтырып, патриотизмге тәрбиелеп, батырлыққа баулуға бағытталған ұлттық құндылықтар ретінде қарастыруымыз керек.

Қазақ эпосының басым көпшілігі рулық қоғамның берік сақталған феодализм дәуірі тұсында халыққа кеңінен таралып, осы күнге жетіп отыр [2]. Сондықтан жырлардың барлығында елді сыртқы жаулардан азат ету мәселелерімен қатар, рулар арасындағы ішкі қақтығыстарды жиі кездестіреміз. Бұл үдеріс әсіресе, махаббат оқиғасы, әмеңгерлік, құда түсу сияқты ұлттық салт-дәстүрлер төңірегінде өрбитін лиро-эпостарда жиі көрініс табады. Дегенмен, барлық батырлар жырларында жекпе-жектер мен жорықтар басты оқиға ретінде сипатталатындықтан, мұндағы батырлар алып күш иесі, палуан тұлғалы болып келеді. Ал, олардың сенімді серігі – тұлпарлары айшылық алыс қашықтықты қысқа мерзімде бағындыратын жүйрік сәйгүлік ретінде көркем суреттеледі.

Осындай елін-жерін қорғауда көзсіз ерліктер жасап, халқына қамқор болған батырдың бірі – Қобыланды деп білеміз. Қобыланды батыр туралы халық арасында тараған эпостық жыр ғасырдан-ғасырға сабақтасып, атадан балаға мирас болып келеді. Бұл жыр қазіргі қазақ әдебиетінің алтын қорына еніп, ұлттық мәдени мұрамыздың санатына қосылып, ғалымдардың ғылыми-зерттеу нысанына айналып отыр. Сондықтан, жыр мәтінін ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдап, халық педагогикасындағы тәрбиелік мәні мен ұлттық рухты көтерудегі әлеуетін айқындау – көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады.

Қобыланды батыр жырының араб әрпімен жазылған түпнұсқасы Ресейдің Қазан мемлекеттік университетінің кітапханасында 1884 жылдан бері сақтаулы. Ұлт ұстазы, ағартушы Ы. Алтынсарин 1860 жылы атақты жырау Марабайдан «Қобыланды батыр» жыры мен басқа да ауыз әдебиеті туындыларын жазып алып, 1879 жылы жарық көрген «Қырғыз хрестоматиясына» Қобыландының Тайбурыл тұлпарымен Қазан ханға қарсы шапқан тұсының ең қызықты тарауын енгізген болатын. Бұл тараудың кітапқа енуі мен оқу үдерісінде қолданылуы үлкен тарихи мәнге ие екендігін аңғартады [3].

Бұл сол кезеңде білім алып жатқан жастарға тың серпін беріп, баға жетпес тарихи құбылыс болды. Жастар Қобыланды батыр жырын жаттап, ондағы батырдың мергендік өнеріне, жауға қарсы күрестегі жаужүректігі мен қайсарлығына, жауынгерлік тәсілдерді меңгерудегі ептілігіне, ел-жұртына деген қамқорлығы мен қайырымдылығына ерекше тәнті болады. Сондай-ақ, Тайбурыл аттың ақылдылығы мен жүйріктігі, батырдың күнделікті дала тіршілігінде дене сапаларын (ептілік, икемділік, күш, жылдамдық, төзімділік) шыңдау әдістері жастар арасында үлкен мотивация тудырып, батыр бейнесіне еніп, тұлғасын сомдап, ерлікке бастайтын қасиеттерді бойға дарытып, батырлық рухты санаға сіңірді.

Батырлар жырының ішінде Қобыланды батыр эпосы көркемдік деңгейі мен мазмұндық тереңдігі жағынан қайталап оқуға итермелейтін әдеби жауһар жырлар қатарынан орын алады. Жырда кейіпкерлердің бейнесі мен мінез-құлықтары шынайы сипатталып, шым-шытырық оқиғалар желісі көркем суреттеліп, жастардың рухын көтеруде айрықша мәнге ие.

Қобыланды батыр жырының басқа жырлардан ерекшелігі – жырды оқыған санасы сергек әрбір адамның жадында тез сақталып қалатындығында. Өйткені, жырды оқыған бала сан алуан оқиғалармен қауышып, ойша батыр бейнесіне еніп, қиял жетегіне берілмеуі мүмкін емес. Бұл жырдың бала тәрбиесіндегі танымдық және эстетикалық ықпалының орасан зор екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, жырда батырдың қым-қиғаш қиын сәттерде тез шешім қабылдап, сенімді серігі Тайбурылдың батырды адамша түсініп, сайын дала төсінде көз ілеспес шапшаңдықпен шауып, алысты жақын ететін сипаттары көркемдік-эстетикалық тұрғыдан шынайы суреттеледі. Бұл көріністер тек елес ретінде емес, өмірде бастан өткергендей әсерге жетелейді. Жырдағы оқиғаның көркемдігі мен шынайылығы оқырманды баурап алып, Қобыландының бастан өткерген сан қилы жағдайларын көз алдына әкеледі. Жырды оқи отырып, сан алуан кейіпкерлермен кездесіп, батырдың әрбір

іс-әрекетінің астарында үлкен тәрбиелік мәні бар идеялар астасып жатқандығын сезініп, халық ауыз әдебиетіндегі орны мен ықпалының орасан зор екендігін аңғарамыз.

Қазіргі таңда «Қобыланды батыр» жырының көптеген нұсқалары Мәскеу, Алматы, Орынбор, Қазан, Ташкент, Нүкіс қалаларының мұрағаттарында, Орталық ғылыми-техникалық кітапханаларында сақтаулы. Қазақтың С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұханов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, О. Нұрмағанбетова және т.б. ғалымдары өздерінің зерттеу еңбектерінде «Қобыланды батыр» жырының мазмұндық сипаты мен көркемдік келбетін жан-жақты талдап қарастырғанымен, жыр мазмұнында дене тәрбиесінің көріністері (құралдары) негізінде жастарды отансүйгіштікке, батылдыққа, қайсарлыққа тәрбиелеп, батыр бойындағы төзімділік, ептілік, күштілік, қырағылық, мергендік сияқты қасиеттерді, жауынгерлік әдіс-тәсілдерді меңгерудегі орасан зор қабілеттерді өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына дарыту бағытындағы материалдар толыққанды қамтылмаған. Сондықтан бұл мәселелерді терең зерттеп, жастардың бойына сіңіру ғылыми жұмысымыздың өзектілігін айқындайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық негізін құру мақсатында «Қобыланды батыр» эпостық жырының бірнеше нұсқалары мен осы жыр бойынша кешенді зерттеу жүргізген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне жан-жақты сараптау жұмыстары жүргізілді. жырдағы сан алуан оқиғалар желісінің мазмұны, оның дене тәрбиесімен байланысы, сонымен қатар, ғасырлар бойы атадан-балаға мирас болып келген эпостық жырдың халықтың асыл қазынасы ретіндегі мән-мазмұнын кеңінен ашу мақсатында көптеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалды. Атап айтқанда: П.А. Қазбай мен Н.Б. Сағындық [4], К. Матыжанов [5], Б. Әбдіғазыұлы [6], В.В. Радлов [7], Г.Н. Потанин [8]. Бұл ғалымдардың материалдары негізінде жырдың жас ұрпақтың ұлттық рухын көтерудегі тәрбиелік әлеуеті айқындалды.

2024-2025 оқу жылында «Қобыланды батыр» эпостық жырындағы дене тәрбиесіне қатысты көріністерді студент жастардың қаншалықты деңгейде меңгергендігін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Халықаралық туризм және меймандостық университетінің (ХТМУ) «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасында оқитын 1-курстың 120 студенті және Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (ХҚТУ) «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасында оқитын 1-курстың 180 студенті, барлығы – 280 білім алушы қатысты.

Сауалнамада «Қобыланды батыр» жырындағы дене және тұлғалық қасиеттерге қатысты сұрақтар мен жырдың жастарды тәрбиелеуде алатын орнына бағытталған ұсыныс-пікірлер қамтылды. Студент жастардың «Қобыланды батыр» жырын қандай деңгейде меңгергендігі және жыр мазмұнының дене тәрбиесіне қатысы бойынша түсініктері талданды.

Зерттеу жұмысы шеңберінде жыр мазмұнындағы дене тәрбиесіне қатысты элементтерді анықтау мақсатында контент-талдау әдісі; жырдың түрлі нұсқалары салыстырылып, жырдағы оқиғалар желісін тиімді жүйелеу бағытында салыстырмалы мәтіндік талдау әдісі; эмперикалық мәліметтер жинау бағытында сауалнама жүргізу әдісі; сауалнама нәтижелерін сандық және сапалық тұрғыдан талдау бағытында математикалық және статистикалық өңдеу әдісі; халық педагогикасындағы жастарды тәрбиелеу элементтерін жыр арқылы сараптау мақсатында этнопедагогикалық талдау әдістері қолданылды.

Ғылыми-зерттеу жұмысы келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырылды:

1-кезеңде 2025 жылдың қаңтар-ақпан айларында ғылыми әдебиеттер мен жырдың түрлі нұсқаларын жинақтау және жүйелеу бойынша жұмыстар жүргізілді;

2-кезеңде 2025 жылдың наурыз айында ХТМУ мен ХҚТУ-нің студент жастары арасында сауалнама жүргізу бойынша жұмыстар атқарылды;

3-кезеңде 2025 жылдың сәуір айында екі университет студенттеріне жүргізілген сауалнама нәтижелерін өңдеу және талдау бағытында жұмыстар жүзеге асырылды;

4-кезеңде 2025 жылдың мамыр-қыркүйек айларында қорытынды тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар әзірлеу, мақаланы талапқа сай рәсімдеу бағытында жұмыстар жасалды.

Сауалнама нәтижелерін өңдеу SPSS Statistics v25 (нәтижелерді статистикалық өңдеу) және Coogole Forms (онлайн сауалнама жүргізу құралы) бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы іске асырылды. Сауалнама нәтижелеріне пайыздық үлестер мен салыстырмалы талдау жасалды.

Зерттеу гипотезасы: *егер* «Қобыланды батыр» жырындағы дене тәрбиесінің көріністері түйелі түрде талданып, ондағы батырлық, балуандық, мергендік, шабандоздық, ептілік, төзімділік, жылдамдық және т.б. қасиеттермен жастардың ой-санасы сусындап, тәрбиелік мақсатта жан-жақты насихатталатын болса, *онда* жастардың ұлттық рухы мен батырлық болмысын, дене белсенділігіне қызығушылығы мен мотивациясын арттырады.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ дәстүрінде батырлар жырымен қатар, ойынның да алатын орны өте зор. «Бала ойынмен өседі», – деген сөз бекерге айтылмаса керек. Ойындар, өмірге келген жас баланың жетіліп өсуіне әсер ете алатын адамзаттың даму тарихымен тығыз байланысты орасан зор тәрбие құралы болып саналады. Әлемдегі барлық халықтар өздерінің ұлттық ойындарын насихаттап, ғасырлар бойы мазмұны мен ережесін жоғалтпай атадан-балаға мирас етіп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Сондықтан ұлттық ойындар ұлттық мәдениет пен рухани құндылытардың асыл қазынасы болып табылады. Осы сөзімізге қазақ ойындары мен спортын зерттеуші ғалым Е. Алимхановтың «Ойындар мазмұнында халықтың ғасырлар бойғы қоғамдық-әлеуметтік дамуының ізі, халықтың тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімдері орын алған», – деген пікірі дәлел болады [9].

Бабаларымыз ойынды құнды тәрбие құралы ретінде бағалап, баланың өсіп-өнуі кезеңдерінде кеңінен қолданып отырған. Халқымыз ойындарды баланың ой-өрісіне, қимыл-әрекетінің жетілуіне пайдаланып, халықтың ұлттық мұраларын бойына сіңіріп өсірген.

Қазақ халқының фольклорында, ертегілерінде, батырлар жырларында, тасқа қашалған белгілерінде ойынға байланысты деректер көптеп кездеседі. Соның ішінде Қобыландының күшті де епті, айла-тәсілді терең меңгерген батыр, құралайды көзге ататын мерген болып қалыптасуына ұлт ойындарының әсері мол болған.

Қобыланды батыр жырындағы дене тәрбиесінің көріністерін талдай отырып, біз қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде бала денсаулығына және оның мықты да мығым, шымыр да шыдамды, алғыр да тапқыр, ақылды да тәрбиелі болып өсуіне аса мән бергендігін көреміз. Адам денсаулығының мықты болуына, оны нығайтуға және тәжірибеде жүзеге асыру үшін, халық арасында арнайы жаттығулар мен ойындар қалыптасуы қажет болды. Яғни, ұлттық ойындар мен арнайы жаттығулар осы талаптарды жүзеге асырушы құрал ретінде саналады. Сондықтан қазақ халқының тарихи қалыптасуы барысында дене тәрбиесіне бағытталған арнайы жүйе болған деп айтуға толық негіз бар.

Жалпы эпостық жырлар халық патриотизмі мен ерлікті дәріптеп, елін, жерін сыртқы жаудан қорғау ісіне негізделген. Қазақтың эпостық жырларындағы батырлардың ерлігін, қайсарлығын, елін сүю, Отанын жан-тәнімен қорғау және адамгершілік, еңбексүйгіштік сияқты асыл қасиеттерін қастерлеу, халыққа баяндау, сол арқылы оның өнегелі істерін өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге етудің тәрбиелік мәні өте зор. Бұл, біріншіден, «Елі үшін туып, елі үшін құрбан болған ерді» дәріптеуін білдірсе, екіншіден, келешек ұрпаққа ел басына күн туғанда елін-жерін қорғап, жанын шүберекке түйіп, жан алысып, жан беріскен, жеңілгеннің өзінде рухы түспейтін, кескілескен шайқаста арыстанша ақырып, ажалға қарсы шыға білетін, елінің мәртебесін өз арнамысынан биік қоятын батырлардың ерліктерін үлгі-өнеге етіп насихаттау. Сол арқылы «Ат тұяғын тай басар», «Ел қамын ер жоқтар», – деп елдің қамын ойлайтын, белдескеннің – белін сындырып, тірескеннің тізесін бүктіретін, ел үшін – тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлық көрсететін нағыз қас батырларды тәрбиелеу.

Белгілі ғалым, академик Ж. Егізбайұлы өзінің ғылыми еңбектерінде қазақ халқының өте төзімді, күш қуатының мол, шымыр денелі, қайтпас-қайсар мінезді болып келетіндігіне назар аударып, осы қасиеттердің пайда болуына негіз болатын жағдайлар туралы: «...Қазақ халқы салт-дәстүрлер мен жыр-дастандарға, наным-сенімдерге өте бай. Олардың барлығы

ата кәсіптен, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларынан туындайды. Бұл өз кезегінде қазақ халқының ұлттық сипатын қалыптастыруға мүмкіндік берді», – деп атап өтеді [10].

Халық педагогикасындағы батырлар жырлары мен аңыз-ертегілер қай халықтың болмасын тыныс-тіршілігімен, ұлттық тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста дамып, ұрпақтан-ұрпаққа сабақтаса жалғасып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Қобыланды батыр жырында жастардың патриоттық сезімін, адамгершілік намысын оятатын, шайқаста қажетті шапшаңдық пен шыдамдылыққа, жорықта шаршап-шалдықпауға, мергендікке, қоян-қолтық ұрысқа үйрететін, «Тайсалдырар ажалды, батырдың қылыш-найзасы», – деген қағиданы берік ұстануға үндейтін жағдаяттар көптеп кездеседі.

Қандайда бір адамзат қоғамы бұрынғы ата-бабаларының ақыл-ой, тәлім-тәрбиелік бай тәжірибесін өмір сүрген ортасында пайдаланбай өмір сүрген емес. Әрбір халық өскелең ұрпағын жан-жақты жетілген, пайым-парасаты биік, адами қасиеттері мол етіп тәрбиелеу бағытында өткен қоғамдағы тәрбиенің жақсы жақтарын жинақтап, күнделікті өмірде пайдаланып, еңбекқор, елін-жерін жан тәнімен сүйетін, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді мақсат еткен.

Халықтың сан ғасырлар бойғы асыл қазынасы, аңыз әдебиетінің бай үлгілері: өлең-жырлар, дастандар, қол өнері, батырлар жыры, ұлттық ойындар, аңыз-әңгімелер және т.б. өнер атаулының бәрін ұрпақ тәрбиесінің негізгі құралы ретінде пайдаланған.

Халқымыз өзінің аңшылық, мергендік, мал шаруашылығымен байланысты шығарған әңгіме, аңыз-ертегі, мақал-мәтел, дастан жырларында жастарды малды дұрыс бағып-қағуға баулуды, аңшылық пен малшылық кәсіпті өнер деп қарауды, баланы еңбексүйгіш, өнерлі азамат етіп тәрбиелеуді көздейді.

Қобыланды батыр жырында жастарды табиғаттың адам жанына ләззат сыйлайтын әсем де көркем сұлулығын сезінетін, сайын даланың тылсым күшін терең меңгерген өнер иесі болуға үндейді. Сонымен қатар, қазақтың басқа да эпостық жырларында басты кейіпкерлердің (батырлардың) дүниеге келуімен немесе отбасын құруымен байланысты ойын-сауық тойларын суреттей отырып, теңге алу, жамбы ату, қыз қуу, палуандар күресі, аударыспақ, ат жарыс, жорға жарыс, жаяу жарыс, батпан көтеру және т.б. ұлттық ойындарды, көшіп-қонумен байланысты сән салтанатты, салт-дәстүрлерімізді баяндайды.

Бұл, біріншіден, халықтың салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрыпынан білімін жетілдіру, дамыту көзделсе, екіншіден, ұлт ойындары арқылы өнерді дәріптеп, жастарды мергендікке, ептілікке, төзімділікке, ат сайысы өнеріне баулу көзделген.

Ежелгі қазақ дәстүрінде ойын-сауықта, ұлттық мерекелерде, ас беру жиындарында өз өнерін паш етіп, оза шауып бәйге алған өнерлі жастарды халық ерекше құрметтеп, қомақты жүлде беретін болған. Бәйгеден келген жүйрік тұлпарға, күресте жеңген палуандарға арнап ақындар арнайы өлеңдер шығарған.

Белгілі педагог, профессор Б. Мұхамеджанов: «Бала тәрбиесінде аңыз әңгімелер мен жыр-дастандар негізгі құрал болуы тиіс. Біз жаһандау үдерісінде бұл мәселеге немқұрайлы қарап келеміз. Бабаларымыздан мирас болып, бізге жеткен батырлар жырын өскелең ұрпақтың санасына сіңіріп, ұлттық рухта тәрбиелеуіміз керек», – деп жыр-дастандардың жас баланың тұлға болып қалыптасуына, ерлікке, адамгершілікке тәрбиелеудегі маңызына ерекше мән береді [11].

Қазақтың халық педагогикасындағы осы асыл қазына, бай мұрасын бүгінгі заманымызға жадында сақтап, тасқа қашап жазып және ауыз-екі әңгімемен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген ата-бабаларымыз бен өнерлі қауым өкілдері саналады. Батырлар жырын жаттап, оның әлденеше нұсқаларын жасап, батырлардың ерен ерлігін көркемдеп, суреттеп халыққа жеткізу, өнерді үйреніп қадір тұту, оны қастерлеп өскелең ұрпаққа жеткізу халық тәрбиесінің ең өзекті мәселесі болды.

Шынайы адамгершілік қасиет елін, жерін, Отанын шын сүйуден, патриотизмнен, ел намысын биік қояудан туады. Бұл асыл қасиеттер Қобыланды батыр жырында кеңінен баяндалады.

Қандайда болмасын адамның іс-әрекеті оны пайдалылығына көз жеткізгеннен кейін үйреншікті дағдыға айналады. Осы саналы түрде орындалатын дағдыны қазір «жаттығу» деп атап жүрміз. Мергендік, ептілік, күштілік, шабандоздық табысқа жеткізетінін, жауын жеңуге мүмкіндік беретінін күнде көзбен көріп жүрген адамдар жаттығуға аса мән берген [12]. Осы өнерді үйрену үшін жас Қобыланды әкесінің жылқысын бағып жатқан Естеміске барады [2].

Қобыланды барған соң,
Естеміс ерін баулыды.
Күнде киік аулайды,
Кездессе жауын жаулайды.
Жылқыда жатқан Қобыланды
Екпіні оттай қаулады.

Мұнда «баулыды» дегенді жаттықтырды, жауынгерлік, әскери және аңшылық шеберлікке үйрету деп, ал «екпіні оттай қаулау» бұл тез үйрету деп түсінеміз, қолына алған ісіне бейімділігінің артуы, нәтиже шығарғыштығы деп пайымдаймыз. Мұның өзі жыр туған кезде қара қыпшақтардың жастардың денесін шынықтырып, жаттығуға, әскери өнерге баулуға аса мән бергендігін көрсетеді. Бұған қоса қазақ сарбаздары ат үстінде шауып келе жатып найза лақтырып, семсермен қылыштасып, дәлдікке жамбы атып, нысанаға садақ тартып, жекпе-жек шеберліктерін жетілдірмей, сан алауан әскери қимылдарға жаттықпай, белгілі-бір дайындықтан өтпей өнер көрсетуге және атой салып, дұшпанға аттануға асықпаған дей аламыз. Ал, жылқышылар байдың малын бағумен қатар оның әскері есебінде де болған. Оларды қанды жортуылдарға, барымталарға қатынасқандықтары ел арасындағы әңгімелерден де белгілі. Сондықтан да жылқышылардан ерекше айлакерлік, күштілік, есептілік талап етілген. Бір күні жас Қобыланды таудың арғы жағындағы күркіреген дауысты естіп, Естемістен «бұл не дауыс?», – деп сұрайды. Сонда ұстазы:

Көктім аймақ ханы бар,
Неше мың сан жаны бар.
Қанша жиған халқына
Көрсетіп тұрған сәні бар.
Құртқа деген қызы бар
Жұртына жиған назы бар,
Ай астында аспанға
Құрды бақан қақтырып,
Теңгені атып түсірген
Құртқаны сұлу сол алар! –

деп өлеңдете түсіндіріп береді [2]. Сол дәуірде көшпелі халықтар арасында мергендік өнер аса дәріптелген. Мергендік сайысында ерекше көзге түскен өнерлі жастарға қомақты жүлделер беріліп отырған. Тіпті мерген жігіттің хан қызына лайық жар болуы байлық пен сымбаттылықтан да жауынгерлік өнерінің бірінші орында екендігін көрсетеді. Дене тәрбиесінің ежелгі сақ, үйсін, қаңлы, ғұн тайпалары кезіндегі дамуына зер салып, тарихи талдаулар жасаған ғалым-профессор М. Тәнекеев рулық қоғамында өмір сүрген адам әр түрлі ойындарды орындаған кезінде көзсіз шеберлік пен тапқырлық көрсетсе, ал жаумен шайқасқанда қорықпай батылдықпен жеңіске жетіп отырғандығын атап өтеді [13].

Қобыланды батыр жырында дене тәрбиесі тек қана жауынгерлік өнерге тәрбиелеу емес, сонымен қатар, дене бітімінің ерекше сымбатты болуына, мүсіннің түзу қалыптасуына, дене сапаларын дамытып, жетілдіретін ең бір тиімді әдіс екендігі айтылады. Мұндағы бір ерекшелік кейбір жырлардағыдай жас бала туа салып жауға аттанып, елін қорғап, ерлік жасауға асықпайды. Түрлі жаттығулар жасап, шыңдалып, соғыс өнерінің қыр-сырын терең меңгеріп, қас батырға тән күш пен батылдықты, шапшаңдықты ептілікті, тапқырлық пен алғырлықты тұла бойына жинайды. Бұл тұрғыда Б. Әбжет «Қобыланды батыр» жырындағы дәуір белестері атты еңбегінде «Қобыланды батыр» жырының қазақ батырлық эпосындағы алатын орнына, тарихи шындық пен эпостағы кейіпкерлердің образдарына тоқталып, Қобыландының үш

жасқа келген ұлы Бөкенге әкесінің сом білегі мен күш-қайраты дарығанын, дәу қара тасты белі қатпаған баланың көтеруін көркем тілмен суреттейді [14].

Алып батпан тасты көтерудің адамның күш-қуатын арттырып, бұлшық еттерін нығайтып, жетілдіріп, сымбатты да сұлу мүсін қалыптастыратыны белгілі. Қазақтардың шабандоздық, балуандық, мергендік өнермен сипатталатын дастан жырлары көп болғанымен олардың бәрінде батпантас көтеру жайлы көп айтыла бермейді. Негізінен бұл адамзат тарихында ең байырғы жаттығуларының бірі саналады. Грекиядағы Олимпия қаласының орнына қазба жұмыстарын жүргізгенде «Вывон мұны жалғыз қолмен көтерді», – деген жазуы бар 144 келілік батпантастың табылуы да осы пікірімізді нақтылай түседі. Демек, Қобыланды батыр эпосында батпантас көтерудің жырға қосылуына байланысты жаттығудың мұндай түрін біздің ата-бабаларымыз да той-томалақта арнайы сайыс ретінде қарастырып, күш-қуатын арттыруда, бұлшық еттерін шынықтырып, жетілдіру мақсатында ежелден пайдаланғанын көреміз.

Қобыланды батыр да өзінің туған ұлын Естеміске жылқы бағуға жіберіп, жауынгерлік өнерге баулып, соғыс әдіс-тәсілдерін терең меңгеруге жаттықтырады. Жырдағы «ойыны күшті арыстан» деген жолдың өзі оның жан-жақты шынығуына аса мән бергенін көрсетеді. Әрине, жыр туған уақытта қазақ сөзінде «дене тәрбиесі», «спорт» деген атаулардың болмағандығы анық. Бұл жөнінде П.С. Джекенев «Жаттығу» сөзі біздің тіл қорымызда кейін пайда болған. Сондықтан бұл спорттық ұғымдардың барлығы бұрын бір ғана «ойын» сөзімен айтылған. «Ойын - бала еңбегінің көрінісі», «Ойын ой мен денені өсіреді», «Ойын бала денесін шынықтырып, болашақ өмірге дайындайды», – деген халықтың нақыл сөздері бекерден-бекерге айтылмағандығына назар аударады [15]. Ойын жас баланың нағыз ер жігіт болып өсуіне әсер етеді. Соның арқасында бала айбатынан жұрт сескенген қаһарлы да елін-жерін жаудан қорғайтын нағыз жауынгер болып қалыптасады.

«Қобыланды батыр» жырындағы отансүйгіштік элементтерін зерттеп жүрген Ж. Тыныбек өзінің «Қобыланды батыр» поэмасындағы дене шынықтыру құралдары арқылы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу» атты еңбегінде Қобыланды батырдың тұлғасы негізінде жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, патриотизмді қалыптастыру механизімі, жаугершілік заманда елді қорғау, ерлік жасау образдары арқылы жастарды патриотизмге тәрбиелеуде қалай қолдану керектігін талдап, түсіндіреді [16].

Жырдағы Қызылбастың елінен Қазан деген ер шығып, Ноғайлының жерін, Қырлы және Сырлы деген қалаларын жаулап алғанын естіп, оған қарсы Қияттан шыққан Қараман батырдың Қараспан тауын жайлаған қалың қыпшақ елінің батыры Қобыланды батырға келіп, өзінің Қазанға қарсы соғысқа кетіп бара жатқанын, туған елі үшін бірігіп, қол бастап жауға қарсы тұруға шақыра келгенін білеміз.

О.В. Pechertseva мен Z.A. Tanaeva (2021) «Modern technologies of sports and patriotic education in children and adolescents» [17] атты ғылыми еңбегінде батырлардың дене дайындығы мен ерлік мінезінің жастарға үлгі бола алатынын, батырлардың жауға қарсы жорыққа дайындығы – дене дайындығы мен күш-қуаты төзімділіктің, ал ел мен жерге деген адалдығы – рухани күштің көрінісі екенін нақты деректермен дәлелдей түседі. Сондай-ақ, балалар мен жасөспірімдердің бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруда дене мәдениетінің рөліне ерекше назар аударады. Патриоттық тәрбиені «тұлғаның рухани, моральдық және дене дамуының кешенді үдерісі» ретінде қарастырады.

Seippel (2018) пікірінше, спорт ұлттың ұжымдық бірегейлігін сақтаудың және өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін қалыптастырудың маңызды әлеуметтік тетігі болып табылады [18]. Осы көзқарасты қазақ эпосындағы дене тәрбиесінің бейнелерімен терең ұштастырсақ, батырлар жырын жастарды елге адалдық пен рухани табандылыққа тәрбиелеудің ұлттық моделі ретінде қолдануға болатындығын аңғарамыз.

Қазақ халқының эпостық жырлары мен мәдени мұрасында дене тәрбиесі мен ұлттық ойындардың жастардың рухани және отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырудағы

маңызы зор. Бұл жөнінде В.О. Ерменова (2021) өзінің зерттеуінде эпостық жырлардағы дәстүрлі қазақ ойындарының тәрбиелік, сауықтыру және әлеуметтік қызметін айқындай отырып, олардың жастардың қоғамдық жауапкершілігі мен ұлттық бірегейлігін дамытудағы әлеуетін ашып көрсетеді [19]. Ғалымның пікірінше, ұлттық ойындар мен халықтық дене жаттығулары – тек дене белсенділігінің құралы ғана емес, сонымен қатар, ұлттық рух пен патриотизмнің қайнар көзі болып табылады.

Қара қыпшақ Қобыланды батырдың ұрпағы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ГАНЕФО ойындарының жеңімпазы, 1956-1970 жылдары бүкіл қазақ балаларының кумирі болған, ауыр салмақта 10 дүркін Қазақстан чемпионы атанған даңқты боксшы Әбдісәлан Нұрмаханов бала кезінен Қобыландыға еліктеп, елім сүйсінетін бір ерлік жасасам деген арман-қиялының орындалуын батыр бабасының қолдағаны деп қабылдасақ қателеспейміз.

Әбдісәлан айтады, әкем мені қасына отырғызып, төменде жайылған отарға көз қиығымен қарап қойып, аңыз-дастандардан, жыр-қиссалардан әңгіме қозғайтын [20]. Батыр бабасы Қобыланды жырындағы:

...Қараспан тауын жайлаған

Қалың қыпшақ елінде

Қобыландыдай ұл туған...

- әке, Қараспан тауы қайда? – деп сұрақ қоямын, оның жырын бөліп.

- ана жақта, – деп әкем терістікті нұсқайды. Оның көрсеткен жағына қараймын.

Көзіме жоталанып жатқан қырлардан, Күлтаға ауылының (Өзбекстан) сайын даласынан басқа ешнәрсе көрінбейді. Тек лүпілдеп соққан жүрегім әкемнің сағынышпен жиі айтатын атамекенге, Қазақ еліне желдей ескен жүйрік мініп барсам, көрсем деп аңсайды да тұрады.

...Сеңгір-сеңгір таулардан

Секіріп бурыл жөнелді.

Көлденең жатқан көк тасты

Тіктеп тиген тұяғы...

деп әкем осылай шұбыртып жыр айтып отырғанда, қару-жарақ асынып, «мұздай темір құрсанып» Тайбурылдай тұлпарға мінсем деп қиялдап, бір сәт өзімді Қобыланды кейпінде елестетемін. Әйтеуір, Қобыланды батырдай ел таңданатын бір ерлік жасағым келеді. Бұл бала Әбдісәланның асыл арманы болатын. Бала арманы алдамапты, Әбдісәлан Нұрмаханов ер жеткенде Қазақ елінің абыройын асқақтатып, намысын биікке көтеріп, бокс жұлдызы атанды. КСРО-ның бірнеше дүркін чемпионы, ауыр салмақта «орыс танкісі» атанған. А. Абрамовты Мәскеу төрінде екі рет нокдаунға жібергенін жанкүйер қауымы әле ұмыта қойған жоқ. Әбдісәланның бұл ерлігін қазақ баспасөздері көп насихаттап, жазды. Еліміз Тәуелсіздік алып, зайырлы мемлекет ретінде 1996 жылы АҚШ-тың Атланта қаласында өткен XXVI жазғы Олимпиада ойындарында Әбдісәлан Нұрмаханов бокстан Қазақстан құрамасының бас бапкері ретінде бастап барып, 196 мемлекеттің алыптары айкасқан жекпе-жекте жалпы командалық есепте 3-орын иеленуі Қобыланды бабасына тартқан тектілігі болса керек. Әбдісәланның бойындағы намысшылдығы, жеке басынан ел мүддесін жоғары қоюы, еңбексүйгіштігі, темірдей қатаң тәртіпті ұстануы, шәкірттер тәрбиелеудегі өзіндік ұстанымы, уәдеге беріктігі сөз жоқ батырға тән қасиеттер. Сол Олимпиада ойындарында Василий Жиров жеңіс тұғырынан көрініп, ең үздік боксшыға берілетін «Вэл Баркер» кубогын иеленді. Бұл кубокты иелену тәуелсіз ел болған Қазақстан Республикасы үшін тарихи құбылыс болып саналды. Өйткені, бұл атақты 1964 жылы Токио Олимпиадасында атақты орыс боксшысы В. Попенченко иеленген болатын [20]. Сол орыс боксшысынан кейін 32 жыл өтсе де орыс ұлтынан бірде-бір спортшы бұл мәртебелі атаққа қол жеткізе алмады. Ал, Олимпиадаға тұңғыш рет тәуелсіз ел болып қатысқан Қазақстан спортшысының «Баркер» кубогын иеленуі көптеген спорт державасы атанған алпауыт елдердің қызғанышын турдырды. Осы байрақты бәсекедегі Болат Жұмаділовтің күмісі, Ермахан Ыбыраймов пен Болат Ниязымбетов қола жүлдесі Қазақ елі үшін алтын медальдан

кем емес еді. Осындай дүниежүзілік дүбірлі додада Қобыланды бабасының рухы қолдап, ел мерейін асырып, мәртебесін көтерген арда азаматтың бала кезінде қой бағып жүріп, Қобыландының образына еніп, Тайбурылдай тұлпарға мініп таңғажайып ерлік істер жасасам, бұлшық етімді шынықтырып батыр болсам, елім мен халқыма пайдамды тигізсем деген асыл мұратының орындалғаны емес пе?

Біз 2024-2025 оқу жылында Қобыланды батыр жырындағы дене тәрбиесінің көріністерін қандай дәрежеде меңгергенін анықтау мақсатында Халықаралық туризм және меймандостық және Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасындағы білімгерлерге сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға 1-курстың 280 студенті қатысты. Сауалнама сұрақтары 1-кестеде беріледі.

Кесте 1 – студенттерге Қобыланды батыр жырындағы дене тәрбиесінің көріністерін қандай дәрежеде меңгергенін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама сұрақтары. n=280.

№	Сұрақтар
1	Қобыланды жырын оқыдыңыздар ма?
2	Қобыланды жырында кездесетін дене тәрбиесіне бағытталған қандай сөздерді білесіздер?
3	Қобыландының өзінің ар-намысынан ел мүддесін биік қоятын тұсы жырдың қай жерінде көрініс береді?
4	Жырда кездесетін «Қабағы тастай түйіліп, Ақ сұңқар құстай шүйіліп», – деген қандай мағынаны білдіреді?
5	Қобыландының құралайды көзге атқан мергендігі жырдың қай тұсында көрініс табады?
6	Қазақтың қандай киносында Қобыланды батырдың сом тұлғасы мен көзсіз батырлығы айрықша суреттеледі?
<i>Ескерту: Авторлармен құрастырылған</i>	

Сауалнама нәтижелерін талдау барысында бірінші сұрақ бойынша 280 студенттің 192-сі (68 %) Қобыланды жырын толық оқығанын, ал, 88 (32 %) студент жырды естігенін, бірақ оқымағанын атап өткен. Бұл нәтиже бізді қанағаттандырмады. 32 % студенттің қазақтың елін-жерін жаудан қорғап, тәуелсіз ел болуына ерен ерлігімен үлесін қосқан Қобыландыдай батырды танып-білмеуі жастарды батырлар ерлігіне сусындатып тәрбиелеу, насихаттау жұмысында жіберіліп жатқан елеулі кемшіліктердің бірі ретінде қабылдауымызға негіз болды.

Екінші сұрақ бойынша Қобыланды батыр жырын оқыған 192 студенттің 106-сы (55%) Батыр жырында кездесетін «баулыды», «ойын», «мергендік», «шапшаңдық», «палуан», «күшті», «намыс», «шабандоздық» сияқты дене тәрбиесімен тығыз байланысты сөздерді атап көрсетті. Бұл студенттердің Қобыланды батыр жырының мазмұнын түсініп, батырдың әрбір іс-әрекетіне мән беріп оқығанын көрсетеді. 86 (45%) студенттің жауабында ауытқушылықтың болғанын атап өтеміз. Олар жырды оқу барысында Қобыланды батырдың жауға қарсы жасаған барлық іс-әрекетін ерлікке, батырлыққа теңейтіндігімен түсіндіріледі.

Үшінші сұрақ бойынша «Қобыландының өзінің ар-намысынан ел мүддесін биік қоятын тұсы жырдың қай жерінде көрініс береді?», – деген сұраққа 143 (74%) студент Қараман батырдың Қобыландыға келіп, жауға қарсы бірігіп, тойтарыс беруге ұсыныс айтқан кезінде Қобыланды батыр жары Құртқаның «Тайбурыл аттың 43 күндік бабының кем», – деген сөзін тыңдамай, қарамай Қараманға қолдау білдіру үшін шешім қабылдағанына дәл жауап берді. Ал, 49 (26 %) студент сұраққа нақты жауап қайтармаған.

Төртінші сұрақ бойынша жырда кездесетін «Қабағы тастай түйіліп, Ақ сұңқар құстай шүйіліп», – деген мағынаның қайсарлықты, өр рухты, намысшылдықты, ептілікті, айлакерлікті, күштілікті білдіретінін 176 (92%) студент дұрыс атап көрсеткен. Ал, 20 (8%) студент бұл сөздердің мағынасын адамға емес құсқа айтылған теңеумен түсіндіргенін анықтадық. Бұл студенттердің қазартың адамға күш, рух беретін сөздерінің мағынасын терең меңгермегендігін көрсетеді.

Бесінші сұрақ бойынша «Қобыландының құралайды көзге атқан мергендігі жырдың қай тұсында көрініс табады?», – деген сұраққа студенттердің барлығы жырдың басында кездесетін Көктім аймақ ханының бойжеткен қызы Құртқа сұлуды мергендігімен көзге түсіп ай астында бақанға тігілген теңгені кім атып түсірсе, сол мергенге беретіндігін жар салғанын естіген Қобыланды батыр сол жиынға барып, мергендігімен теңгені дәл атып түсіргенін оқығандарын көрсетті. Бұл студенттің жырдың басында кездесетін оқиғаларды есінде сақтайтындығын, ортасынан бастап ойларының шашыраңқы болатынын көруімізге болады.

Алтыншы сұрақ бойынша 134 (70%) студент «Қазақ хандығы» фильмі деп дәл атаса, 22 (11%) студент басқа қазақтың тарихи фильмдерімен шатастырып алғандығын, 36 (19%) студент «білмеймін» деп жауап берген. Бұл мәселеге жастар арасында батыстық мәдениетті насихаттайтын киноларға мән беретінін, қазақ фильмдеріне әле де қызығушылықтың, насихат жұмыстарының кемдігін атап өтуімізге болады.

Бұл сауалнама нәтижесінен түйген ойымыз қазақ жастарының арасында ұлттық құндылықтарды, ұлттық мәдениетті, ойындарды, фильмдерді, батырларымызды насихаттау жұмыстарын жан-жақты жүргізу бағытында мемлекеттік деңгейде кешенді бағдарламаларды іске асыру қажеттілігін атап өтеміз.

Қорытынды

Қазақ халқында атасы баласына өзінің ең жақсы көретін атына мінгізетін дәстүр бар. Қобыланды да осы дәстүрді орындап, ұлы Бөкенбайды Тайбурылға мінгізеді. «Бурылына мінген соң бөктеріп тасты жүргізді», – деген жыр жолдарынан ұлының жауынгерлік дайындығын шыңдап, жан-жақты жетілген, білекті, күшті, қарулы болу үшін тек қана шабандоздықты меңгеру жеткіліксіз екендігін ескеріп, баласын төзімді де шымыр, жылдам да епті болуға тәрбиелеп, денесін шынықтырып, мергендікке баулуға Қобыландының өзі басшылық еткен.

Қобыланды батыр жыры шыққан кезеңде көкпардың болмауы да мүмкін. Себебі, ауыр тасты өңгеру жауынгерлік жаттығудың бір түрі болса керек. Аспен шауып келіп, ат үстінде еңкейіп ауыр тасты өңгеру жігіттің күш-қуатын нығайтып, ептілігі мен икемділігін дамытып, бұлшық еттерін жетілдіретін, сонымен қатар, халық қызыға тамашалайтын өнердің төресі болғандығын жыр шумақтары арқылы білеміз. Жалпы көкпар ойыны екі жүз жылдай уақытқа созылған қазақ пен қалмақ арасында жүргізілген қақтығыстардың кезінде пайда болуы мүмкін. Сол кезеңдегі үлкен ас беру жиын-тойларында, жаушыдан хабар келіп, жау әскері соғыс бастағанда халық сайлаған хандар мен сұлтандар, елге төрелік айтатын билер бас қосып, жаумен болатын шайқасқа әскердің әзірлігін тексеріп, соғыс тактикасын талдап, жоспар құрғанда халықтың басын қосып, көкпар беретін дәстүр болғандығын оқулықтардан оқып, тарихи кинолардан көріп жүрміз.

Қобыланды батыр жырындағы дене тәрбиесінің құралдары арқылы өскелең ұрпақты намысшылдыққа, балуандыққа, мергендікке, қайсарлыққа, шабандоздыққа, төзімділікке, ептілікке, жауынгерлік өнерге баулып, сымбатты, ер мінезді, шымыр, күш-қуаты мықты болуға тәрбиелеу өмір талабы екендігін байқаймыз. Өйткені, батырлар жырындағы елін-жерін жаудан қорғайтын басты кейіпкерлердің сом тұлғасы мен ақыл-ойы, пайым-парасат пен адами қасиеттері жастарды ізгілікке, патриотизмге тәрбиелеу ісінде баға жетпес құрал болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Тасмағамбетова З.Ж. Қазақтың XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы. Қостанай, 2016. – 101 б.
- 2 Қазақстан тарихы порталы. Қобыланды батыр жыры (толық нұсқа) <https://e-history.kz/kz/projects/show/23134/> (қаралу күні: 09.08.2025).
- 3 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Орынбор, 1906. – 142 б.
- 4 Қазбай П.А., Сағындық Н.Б. Қазақтың эпостық жыры «Қобыланды батырды» орта мектепте оқыту технологиялары // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2024. – №11(8). – Б. 354-362.
- 5 Матыжанов К., Қыдыр Т., Рақыш Ж. Қобыланды батыр. – Алматы. – 2023. – 547 б.
- 6 Әбдіғазыұлы Б. Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» баспасы. – 2010. – 573 б.
- 7 Радлов В.В. Түркі тайпалары әдебиетінің он томдық жинағы. – Орынбор, 1870. – III том. – 340 б.
- 8 Потанин Г.Н. Пространство Северного Казахстана и Сибири в исторической ретроспективе XVIII в. – Томск: Издательство Томского университета. – 2013. – 314 с.
- 9 Алимханов Е. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті. – 2018. – 330 б.
- 10 Егізбайұлы Ж. Ұлттық ұстынды жоғары ұстайық // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қызылорда, 2022. – Б. 167-172.
- 11 Мұхамеджанов Б.Қ. Бала тәрбиесіндегі батырлар жырының алатын орны // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Түркістан, 2025. – Б. 345-350.
- 12 Есіркепов Ж.М., Омаров Б.С. Жастарды батырлар жырлары, қазақ ертегілері мен мақал-мәтелдеріндегі дене тәрбиесінің құралдары арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Алматы, 2020. – №12/4 (150). – Б. 146-151.
- 13 Тәнекеев М.Т., Құралбекұлы А. Қазақ эпостарындағы халық ойындары // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2000. – №1. – Б. 75-77.
- 14 Әбжет Б. «Қобыланды батыр» жырындағы дәуір белестері // *Türkologia*. – 2024. – №2 (118). – Б. 59-73. DOI: 10.59358/ayt.1451387.
- 15 Джекенов П.С. Дене шынықтыру және спорт тарихы. – Алматы: Альманах баспасы. – 2022. – 204 б.
- 16 Тыныбек Ж. «Қобыланды батыр» поэмасындағы дене шынықтыру құралдары арқылы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу // «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық», «Дене тәрбиесі және спорт» салаларындағы инновациялық үрдістердің даму жүйесі атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2023. – I том. – Б. 407-411.
- 17 Pechertseva O.V., Tanaeva Z.A. Modern technologies of sports and patriotic education in children and adolescents // *Human. Sport. Medicine*. – 2021. – № 21(S1). – Б. 80-85. <https://doi.org/10.14529/hsm210113>
- 18 Seippel O., Dalen H.B., Sandvik M.R., Solstad G.M. From political sports to sports politics: on political mobilization of sports issues // *International Journal of Sport Policy and Politics*. – 2018. <https://doi.org/10.1080/19406940.2018.1501404>
- 19 Ermenova B.O. Health-improving and educational effect of gamified physical activities: Traditional folk games in Kazakhstan // *Revista Retos*. – 2021. – № 42. – Б. 556-561. <https://doi.org/10.47197/retos.v42i0.87523>
- 20 Анарбаев А.К., Есіркепов Ж.М., Құрманбаев И.Б., Мусаева А.Р. Патриотическое воспитание молодежи через достижения в тренерской деятельности А. Нурмаханова // Научный вестник ФерГУ. – Фергана, 2023. – № 6. – С. 282-287.

REFERENCES:

- 1 Tasmagambetova Z.Zh. (2016). Qazaqtyń XIX ǵasyrdaǵy qazaq ádebietiniń tarihy [The history of Kazakh literature of the 19th century]. Qostanai. 101 p. (in Kazakh).
- 2 Qazaqstan tarihy portaly. Qobylandy batyr jryy (tolyq nusqa) [Koblandy Batyr epic (full version)]. URL: <https://e-history.kz/kz/projects/show/23134/> (accessed 09.08.2025). (in Kazakh).
- 3 Altynsarin Y. (1906). Qazaq khrestomatiasy [Kazakh Chrestomathy]. Orynbor. 142 p. (in Kazakh).
- 4 Qazbai P.A., Sagyndyq N.B. (2024). Qazaqtyń epostyq jryy «Qobylandy batyrdy» orta mektepte oqytu tehnologialary [Teaching technologies of the epic poem “Koblandy Batyr” in secondary school]. Vestnik Abai University. Series Pedagogical Sciences, no. 11(8), pp. 354-362. (in Kazakh).
- 5 Matyghanov K., Qydyr T., Raqysh Zh. (2023). Qobylandy batyr [Koblandy Batyr]. Almaty. 547 p. (in Kazakh).
- 6 Abdigazyuly B. (2010). Qazaq ádebieti: Entsiklopedialyq anyqtamalyq [Kazakh Literature: Encyclopedic Reference Book]. Almaty: Aruna Ltd. 573 p. (in Kazakh).
- 7 Radlov V.V. (1870). Túrki taipalary ádebietiniń on tomdyq jinaǵy [Ten-volume collection of Turkic tribes' literature]. Orynbor, vol. III, 340 p. (in Russian).
- 8 Potanin G.N. (2013). Prostranstvo Severnogo Kazakhstan i Sibiri v istoricheskoy retrospektive XVIII v. [The territory of Northern Kazakhstan and Siberia in the historical retrospective of the 18th century]. Tomsk: Tomsk University Press. 314 p. (in Russian).

- 9 Alimkhanov E. (2018). Qazaqtyń ulttyq halyq ойындары мен sportynyń teorialyq jáne pedagogikalıyq negizderi [Theoretical and pedagogical bases of Kazakh folk games and sports]. Almaty: Kazakh University. 330 p. (in Kazakh).
- 10 Egizbaıuly Zh. (2022). Ulttyq ıstındy joǵary ıstaiyq [Let's preserve the national values high]. Proceedings of the International Scientific and Practical Conference, Qyzylorda, pp. 167-172. (in Kazakh).
- 11 Mukhamedzhanov B.Q. (2025). Bala tárbiesindegi batyrlar jırynyń alatyn orny [The role of heroic epics in child education]. Proceedings of the International Scientific and Practical Conference, Turkistan, pp. 345-350. (in Kazakh).
- 12 Esirkepov Zh.M., Omarov B.S. (2020). Jastardy batyrlar jırlary, qazaq ertegileri men maqal-mátelderindegi dene tárbiesiniń quraldary arqyly otansúgishlikke tárbieleu [Patriotic education of youth through heroic epics, Kazakh fairy tales and proverbs]. Qazaqstannyń ǵylymy men ómiri [Science and Life of Kazakhstan], no. 12/4 (150), pp. 146-151. (in Kazakh).
- 13 Tanekeev M.T., Quralbekuly A. (2000). Qazaq epostaryndaǵy halyq ойындары [Folk games in Kazakh epics]. Dene tárbiesiniń teorıasy men ádistemesi [Theory and Methodology of Physical Education], no. 1, pp. 75-77. (in Kazakh).
- 14 Abzhet B. (2024). «Qобыlandy batyr» jıryndaǵy dáuir belesteri [Epochal milestones in the epic "Koblandy Batyr"]. Türkologia, no. 2 (118), pp. 59-73. DOI: 10.59358/ayt.1451387. (in Kazakh).
- 15 Djekeev P.S. (2022). Dene shynyqtyru jáne sport tarihy [History of Physical Culture and Sport]. Almaty: Almanakh Press. 204 p. (in Kazakh).
- 16 Tynybek Zh. (2023). «Qобыlandy batyr» poemasyndaǵy dene shynyqtyru quraldary arqyly jastardy otansúgishlikke tárbieleu [Patriotic education of youth through physical training tools in the poem "Koblandy Batyr"]. Proceedings of the International Scientific and Practical Conference on Innovative Processes in Physical Education and Sports, Almaty, vol. 1, pp. 407-411. (in Kazakh).
- 17 Pechertseva O.V., Tanaeva Z.A. (2021). Modern technologies of sports and patriotic education in children and adolescents. Human. Sport. Medicine, no. 21 (S1), pp. 80-85. <https://doi.org/10.14529/hsm210113>
- 18 Seippel O., Dalen H.B., Sandvik M.R., Solstad G.M. (2018). From political sports to sports politics: on political mobilization of sports issues. International Journal of Sport Policy and Politics. <https://doi.org/10.1080/19406940.2018.1501404>
- 19 Ermenova B.O. (2021). Health-improving and educational effect of gamified physical activities: Traditional folk games in Kazakhstan. Revista Retos, no. 42, pp. 556-561. <https://doi.org/10.47197/retos.v42i0.87523>
- 20 Anarbaev A.K., Esirkepov Zh.M., Qurmanbaev I.B., Musaeva A.R. (2023). Patrioticheskoe vospitanie molodezhi cherez dostizheniya v trenerskoy deyatel'nosti A. Nurmakhanova [Patriotic education of youth through the achievements of coach A. Nurmakhanova]. Nauchnyy Vestnik FerGU, no. 6, pp. 282-287. (in Russian).

ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ В ДУХЕ ПАТРИОТИЗМА НА ОСНОВЕ СРЕДСТВ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В ЭПОСЕ «КОБЛАНДЫ БАТЫР»

Есиркепов Ж.М.¹, Ермаханов Б.Ө.^{2,*}, Маханбет Е.Т.³

¹Международный университет туризма и гостеприимства,
Республика Казахстан, г. Туркестан

²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Республика Казахстан, г. Туркестан

³Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,
Республика Казахстан, г. Актау

*e-mail: zhandos-1978@mail.ru, baglan0989@gmail.com, yerzhan.makhanbet@yu.edu.kz

Аннотация. Цель исследования – воспитать подрастающее поколение в духе патриотизма и героизма на основе одного из древнейших эпических сказаний казахского народа – жыра «Кобланды батыр». Идея исследования – воспитывать молодежь на основе национальных ценностей, формируя в них такие качества, как героизм, человечность, трудолюбие и настойчивость через образ батырской личности Кобланды. Основное направление – научно-педагогически систематизировать средства физического воспитания, содержащиеся в тексте жыра, и раскрыть их воспитательное значение. Научная значимость заключается в том, чтобы показать не только художественную ценность жыра «Кобланды батыр», но и его внутренний потенциал в развитии мышления молодежи через понятия, связанные с физическим воспитанием. Практическая значимость – анализ понятий, связанных с физическим воспитанием, таких как меткость, верховая езда, быстрота, выносливость, борьба, решимость, ловкость, и предложение механизмов их применения в учебно-воспитательном процессе. В ходе исследования были использованы методы текстового и сравнительного анализа, проведения опросов. Содержание жыра было исследовано с точки зрения структуры и семантики, собраны понятия, относящиеся к физическому воспитанию, и определено их влияние и педагогическое значение в воспитании молодежи. В результате исследования доказано, что жыр «Кобланды батыр» занимает важное

место в воспитании молодежи в духе национального сознания, героизма и патриотизма. Было установлено, что систематическое проведение учебно-воспитательной работы через образ великого батыра способствует формированию у учащихся национального духа защиты Родины, национального характера и чувства чести. В заключение рекомендуется использовать жыр «Кобланды батыр» как эффективное средство физического воспитания в учебно-воспитательном процессе. Суть исследования – на основе глубокого изучения текста жыра «Кобланды батыр» выявлено воспитательное значение понятий, связанных с физическим воспитанием в народной устной педагогике. Это исследование научно-методически обосновывает, что жыр «Кобланды батыр» является не только богатым культурным наследием народа, но и мощным воспитательным средством в формировании у молодого поколения национального духа, героической сущности и воинской подготовки. Практическая значимость исследования – предложенные методологические и содержательные подходы могут быть эффективно использованы в учебных заведениях, образовательных учреждениях, в рамках комплексных патриотических мероприятий, на уроках физической культуры и в спортивных кружках. Кроме того, использование средств физического воспитания, представленных в жыре «Кобланды батыр», способствует воспитанию личности, искренне любящей свою Родину, уважающей традиции и культуру своего народа.

Ключевые слова: Патриотизм, воспитание, физическое воспитание, героизм, нравственность, меткость, национальные игры, физические качества, хорошее здоровье и благополучие.

FOSTERING PATRIOTISM AMONG YOUTH THROUGH THE MEANS OF PHYSICAL EDUCATION REFLECTED IN THE EPIC «KOBYLANDY BATYR»

Zh.M. Yessirkepov¹, B.O. Yermakhanov^{2,*}, Y.T. Makhanbet³

¹International university of tourism and hospitality, Republic of Kazakhstan, Turkistan

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Republic of Kazakhstan, Turkistan

³Caspian State University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov,
Republic of Kazakhstan, Aktau

*e-mail: zhandos-1978@mail.ru, baglan0989@gmail.com, yerzhan.makhanbet@yu.edu.kz

Abstract. The purpose of this study is to foster patriotism and heroism among the younger generation based on one of the oldest epic works of the Kazakh people – the «Kobylandy Batyr» epic. The main idea of the research is to cultivate such qualities as courage, humanity, diligence, and perseverance in young people through the image of the hero Kobylandy, nurturing them on the basis of national values. The primary focus of the study is the systematization of the means of physical education reflected in the text of the epic from a scientific and pedagogical perspective and the revelation of their educational significance. The scientific significance of the research lies in the fact that the «Kobylandy Batyr» epic is considered not only as a literary work but also as a source for shaping young people's thinking through concepts related to physical education. The practical significance lies in the analysis of such concepts as accuracy, horsemanship, speed, endurance, strength, courage, and agility, as well as in the development of mechanisms for their implementation in the educational process. The research employed textual and comparative analysis methods, along with surveys. The content of the epic was examined in terms of structure and semantics, generalizing the concepts related to physical education and identifying their pedagogical importance in shaping the personality of young people. As a result, it was established that the «Kobylandy Batyr» epic plays a significant role in fostering national identity, heroism, and patriotism among the youth. Conducting educational work through the image of the great hero helps awaken the national spirit of defending the homeland and contributes to the formation of national character and a sense of honor among students. In conclusion, it is proposed to use the «Kobylandy Batyr» epic as an effective means of physical education in the educational process. The essence of the study lies in the deep analysis of the epic's text, through which the educational value of physical education concepts in folk pedagogy was revealed. The results demonstrate that the «Kobylandy Batyr» epic is not only a rich cultural heritage of the people but also a powerful means of developing national spirit, heroic character, and martial preparedness among the younger generation. The practical relevance also lies in the fact that the proposed methodological and content-based approaches can be effectively applied in educational institutions, patriotic events, physical education classes, and sports clubs. Utilizing the means of physical education reflected in the «Kobylandy Batyr» epic contributes to nurturing individuals who sincerely love their homeland and respect the traditions and culture of their people.

Keywords: patriotism, education, physical education, heroism, humanity, accuracy, national games, physical qualities, health and well-being.